ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
З А Ң Ы

З А К О Н
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) қауіпсіздік тосқауылы – радионуклидтердің және (немесе) иондаушы сәулеленудің қоршаған ортаға таралуына кедергі келтіретін радиоактивті қалдықтардың қаптамасы, радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттерінің, радиоактивті қалдықтарды көму пункттерінің, радиоактивті қалдықтар қоймаларының, радиоактивті қалдықтардың қалдық қоймаларының инженерлік конструкциясы немесе табиғи геологиялық түзілу элементі;

2) радиоактивті қалдықтар – құрамында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген алып қою деңгейінен жоғары радионуклидтер бар, жер қойнауынан алынған және үйінділер мен қалдық қоймаларына жинап қойылатын, одан әрі пайдаланылуы көзделмейтін материалдар мен заттар, бұйымдар мен жабдықтар, сондай-ақ тау жыныстары, кендер мен қалдықтар;

3) радиоактивті қалдықтарды кондиционерлеу – радиоактивті қалдықтарды көму үшін оларды қолайлылық өлшемшарттарына сәйкес келетін физикалық пішін мен күйге келтіру жөніндегі технологиялық операциялар;

4) радиоактивті қалдықтарды көму (бұдан әрі – көму) – радиоактивті қалдықтарды кейіннен алу ниетінсіз радиоактивті қалдықтарды көму пунктінде қауіпсіз орналастыру;

5) радиоактивті қалдықтарды көму пункті – (бұдан әрі – көму пункті) радиоактивті қалдықтарды кейіннен алу ниетінсіз оларды орналастыруға арналған радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісі;

6) радиоактивті қалдықтарды көму үшін олардың қолайлылық өлшемшарттары (бұдан әрі – қолайлылық өлшемшарттары) – радиоактивті

қалдықтарды көму үшін белгіленетін, олардың физикалық-химиялық қасиеттеріне қойылатын талаптар;

7) радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу – кейіннен қауіпсіз жұмыс істеу үшін радиоактивті қалдықтардың көлемін дезактивациялау (жойылатын радионуклидтерді бөлу) және (немесе) барынша азайту және (немесе) сипаттамаларын өзгерту жөніндегі технологиялық операциялар;

8) радиоактивті қалдықтарды сақтау (бұдан әрі – сақтау) – радиоактивті қалдықтармен одан әрі жұмыс істеу үшін оларды кейіннен алу мүмкіндігін көздейтін, оларды сақтау пунктінде, сақтау қоймасында немесе қалдық қоймасында қауіпсіз орналастыру;

9) радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймасы (бұдан әрі – сақтау қоймасы) – жобалау құжаттамасында белгіленген мерзім ішінде аралық сақтауға арналған, олармен одан әрі жұмыс істеу үшін оларды кейіннен алуды көздейтін радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісі (оның ішінде бөлінген алаң);

10) радиоактивті қалдықтарды сақтау пункті (бұдан әрі – сақтау пункті) – радиоактивті қалдықтармен одан әрі жұмыс істеу үшін оларды кейіннен алу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, жобалау құжаттамасында белгіленген мерзім ішінде уақытша оларды орналастыруға арналған, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісі;

11) радиоактивті қалдықтарды түзушілер – қызметі нәтижесінде радиоактивті қалдықтар түзілетін жеке немесе заңды тұлғалар;

12) радиоактивті қалдықтардың қалдық қоймасы (бұдан әрі – қалдық қоймасы) – минералдық шикізатты және тау-кен жұмыстарын (қалдықтар мен үйінділерді) қайта өңдеу кезінде пайда болатын радиоактивті қалдықтарды одан әрі өңдеу үшін оларды кейіннен алу мүмкіндігімен ұзақ уақыт орналастыруға арналған радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісі;

13) радиоактивті қалдықтардың ықтимал қауіптілік кезеңі – радиоактивті қалдықтардың үлестік активтілігі радиациялық бақылау талап етілмейтін көрсеткіштерге дейін төмендейтін мерзім;

14) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу – радиоактивті қалдықтарды жинауға, қайта өңдеуге, кондиционерлеуге, тасымалдауға, сақтауға және көмуге байланысты қызмет түрлері;

15) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі ұлттық оператор (бұдан әрі – ұлттық оператор) – радиоактивті қалдықтарды көму жөніндегі өкілеттіктер берілген, сондай-ақ осы Заңға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға;

16) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде физикалық қорғау (бұдан әрі – физикалық қорғау) – радиоактивті қалдықтарға және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілеріне қатысты рұқсат етілмеген әрекеттерді болғызбау мақсатында жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық, инженерлік және техникалық шаралар жиынтығы;

17) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілері – радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеуге, кондиционерлеуге, тасымалдауға, сақтауға және (немесе) көмуге арналған арнаулы құрылысжайлар (немесе кешендер) және өзге де инженерлік конструкциялар;

18) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісін пайдаланудан шығару – сақтау қоймалары мен көму пункттерін қоспағанда, объектіні радиациялық қауіпсіздік бойынша шектеулер белгілеуді талап етпейтін және халық пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін күйге келтіруге бағытталған радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінің өмірлік цикл кезеңі;

19) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінің өмірлік циклі – радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінің орналасуын, инженерлік ізденістерді, оны жобалауды, салуды, пайдалануға беруді, пайдалануды, пайдаланудан шығаруды (жабуды), сондай-ақ ядролық, радиациялық, ядролық физикалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын пайдаланудан кейінгі мониторингтеу мен бақылауды қамтитын оның өмір сүру кезеңдерінің дәйектілігі;

20) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

21) тарихи радиоактивті қалдықтар – ядролық мұраға жататын, 1992 жылға дейін түзілген және меншік иесі жоқ радиоактивті қалдықтар.

2-бап. Қазақстан Республикасының радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, Қазақстан Республикасының Экология кодексінен, «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен, халықаралық шарттық міндеттемелерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттардың қолданылу тәртібі заңдарда айқындалады.

3-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы объектілер мен субъектілер

1. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы объектілер:

1) радиоактивті қалдықтар;

2) сақтау қоймалары;

3) қалдық қоймалары;

4) сақтау пункттері;

5) көму пункттері;

6) радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу және (немесе) кондиционерлеу қондырғылары;

7) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу процесінде пайдаланылатын өзге де объектілер.

2. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы субъектілер:

1) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

2) орталық мемлекеттік органдар және жергілікті мемлекеттік басқару органдары.

4-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызмет түрлері

1. Осы Заң радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мынадай қызмет түрлеріне қолданылады:

1) радиоактивті қалдықтарды орналастыруды, салуды, пайдалануға беруді, пайдалануды, пайдаланудан шығаруды және жабуды қоса алғанда, олармен жұмыс істеу объектілерінің өмірлік циклінің кезеңдері, сондай-ақ ядролық, радиациялық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын пайдаланудан кейінгі мониторингтеу мен бақылау;

2) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, сондай-ақ радиоактивті қалдықтарды беру және қабылдау;

3) ғылыми-зерттеу, жобалау, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, инженерлік және сараптамалық жұмыстар жүргізуді, жабдықтарды дайындауды, жеткізуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді, радиациялық бақылауды жүзеге асыруды, радиоактивті қалдықтарды физикалық қорғауды қамтамасыз етуді, есепке алу мен бақылауды жүргізуді, персоналды даярлауды, оқыту мен аттестаттауды қоса алғанда, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласында жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету, сондай-ақ ядролық және радиациялық қауіпсіздікке әсер ететін өзге де жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер;

4) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы өзге де қызмет түрлері.

2-тарау. РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

5-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты ядролық, радиациялық, ядролық физикалық және экологиялық қауіпсіздікті, қазіргі және болашақ ұрпақтың өмірі мен денсаулығын радиациялық әсерден қорғауды және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде қоршаған ортаны радиоактивті ластанудан қорғауды қамтамасыз ету.

2. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері:

1) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру;

2) мемлекеттің радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін орындау;

3) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласында тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру;

4) радиоактивті қалдықтардың барлық түрлерімен жұмыс істеудің тиімді жүйесін ұйымдастыру;

5) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу үшін пайдаланылатын алаңдарды оңтайландыру;

6) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету;

7) радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз сақтау мен көмуге уақтылы орналастыруды қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының ядролық және радиациялық қауіпсіздік кепілдіктері және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету.

3. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары:

1) қауіпсіздік қағидаты – персоналдың, халықтың өмірі мен денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауды радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты қызметтің барлық өзге аспектілерінен жоғары қою басымдығы;

2) жауаптылық қағидаты – радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу субъектілерінің радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жауаптылығы;

3) барынша азайту қағидаты – радиоактивті қалдықтардың түзілуін және жинақталуын іс жүзінде қол жеткізуге болатын ең төменгі деңгейде шектеу;

4) оңтайландыру қағидаты – экономикалық және әлеуметтік факторларды ескере отырып, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде олардың әсерін ақылға қонымды қол жеткізуге болатын төмен деңгейге дейін төмендету;

5) ұрпақтардың өзара байланыс қағидаты – қазіргі ұрпақтың радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету

қажеттілігіне байланысты ауыртпалықты болашақта негізсіз жүктеуінен болашақ ұрпақты қорғау;

6) радиоактивті қалдықтарды түзушінің жауаптылық қағидаты – радиоактивті қалдықтарды түзушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес радиоактивті қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу, оларды сақтау және көму жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруды қамтамасыз ету міндеті.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласында:

1) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) радиоактивті қалдықтарды көму пункттерін орналастыру ауданы және оларды салу туралы шешім қабылдайды;

3) тарихи радиоактивті қалдықтарды сақтау пунктін көму пунктіне ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

4) көму пункттерін мерзімінен бұрын жабу немесе жабу туралы шешім қабылдайды;

5) көму пункттерін орналастыру алаңын таңдау қағидаларын бекітеді;

6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

7-бап. Мемлекеттік органдардың радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы құзыреті

1. Уәкілетті орган радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы өз құзыреті шегінде:

1) стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылап-қадағалау функцияларын жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары және Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

3) осы Заңда белгіленген мақсатқа, міндеттер мен қағидаттарға сәйкес радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, техникалық регламенттерді, нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлейді және бекітеді;

4) ұлттық операторды айқындайды және ол туралы ережені бекітеді;

5) ұлттық оператордың қызметін қаржыландыру тәртібін, тетігі мен көздерін айқындайды;

6) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

көму пункттерін орналастыру ауданы және салу;

тарихи радиоактивті қалдықтарды сақтау пунктін көму пунктіне ауыстыру;

көму пункттерін мерзімінен бұрын жабу немесе жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

8) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

9) қолайлылық өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

10) радиоактивті қалдықтарды есепке алу мен бақылау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

11) қалдық қоймаларын, сақтау пункттерін немесе көму пункттерін орналастыру, салу, пайдалану, пайдаланудан шығару немесе жабу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

12) жинау, тасымалдау, сақтау және көму қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

13) сақтау пункттерінің және көму пункттерінің қауіпсіздігін талдау жөніндегі есептерді дайындау мен ұсыну қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14) радиоактивті қалдықтарды тасымалдауды қоса алғанда, радиоактивті қалдықтарды және олармен жұмыс істеу объектілерін физикалық қорғау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

15) радиоактивті қалдықтарды көмуге беру қағидалары мен көму қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

16) көму пункттерін орналастыру алаңын таңдау қағидаларын әзірлейді;

17) жабылған көму пункттерін мониторингтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты қызметті мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

19) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінің кадастрын жүргізеді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың персоналын аттестаттаудан өткізеді;

21) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының экология заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін мемлекеттік экологиялық сараптау мен экологиялық бағалауды ұйымдастырады және жүргізеді;

2) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілеріне қатысты экологиялық рұқсаттар береді;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган:

1) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы санитариялық қағидалар талаптарының, гигиеналық нормативтердің сақталуын мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8-бап. Жергілікті атқарушы органдардың радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы құзыреті

Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік органдарды және (немесе) олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарын тарта отырып, жабылған көму пункттерін мониторингтеу қағидаларына сәйкес жабылған көму пункттерінің мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;

2) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінде радиациялық қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыруға қатысады;

3) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыру, салу, пайдалану және жабу мәселелері бойынша қоғамдық талқылауларды және халықты хабардар етуді ұйымдастырады;

4) тарихи радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, радиациялық ластануды жою, сондай-ақ ядролық мұра объектілерінің қауіпсіздігін және оларды оңалтуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

5) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті лицензиялау

1. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті лицензиялауды атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

10-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты қызметті мемлекеттік бақылау мен қадағалау

Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылады.

11-бап. Радиоактивті қалдықтарды мемлекеттік есепке алу және бақылау

1. Радиоактивті қалдықтар осы Заңға, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік есепке алуға және бақылауға жатады.

2. Радиоактивті қалдықтарды мемлекеттік есепке алу және бақылау олардың түзілуін, жинақталуын, сақталуын, қайта өңделуін, тасымалдануы мен көмілуін жүйелі және дәйекті есепке алуды қамтамасыз ету, олардың бақылаусыз айналымының алдын алу, сондай-ақ ядролық, радиациялық, ядролық физикалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

3. Радиоактивті қалдықтарды мемлекеттік есепке алу және бақылау мыналарды қамтиды:

1) радиоактивті қалдықтар тізілімін жүргізу;

2) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінің кадастрын жүргізу.

4. Радиоактивті қалдықтарды мемлекеттік есепке алу және бақылау жүйесінің қызметін ұйымдастыру мен қамтамасыз етуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Радиоактивті қалдықтар тізілімін жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Радиоактивті қалдықтар тізілімін жүргізу тәртібін және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінің кадастрын жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

7. Радиоактивті қалдықтарды бастапқы есепке алуды радиоактивті қалдықтарды түзушілер жүзеге асырады.

Радиоактивті қалдықтарды түзушіні айқындау мүмкін болмаған жағдайда, бастапқы есепке алуды олардың орналасқан жері бойынша жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

12-бап. Радиоактивті қалдықтарды сыныптау

1. Радиоактивті қалдықтарды сыныптау олардың шығу тегі, агрегаттық күйі, үлестік активтілігі (концентрация), радиоактивті қалдықтардағы радионуклидтердің, сондай-ақ олардағы ядролық материалдардың жартылай ыдырауы кезеңі негізінде жүзеге асырылады.

2. Агрегаттық күйі бойынша радиоактивті қалдықтар қатты, сұйық және газ тәрізді радиоактивті қалдықтар болып бөлінеді.

3. Үлестік активтілік (концентрация) деңгейі бойынша радиоактивті қалдықтар активтілігі өте төмен, активтілігі төмен, активтілігі орташа және активтілігі жоғары радиоактивті қалдықтар болып бөлінеді.

4. Радиоактивті қалдықтардағы радионуклидтердің жартылай ыдырауы кезеңі бойынша олар өте қысқа өмір сүретін, қысқа өмір сүретін және ұзақ өмір сүретін радиоактивті қалдықтар болып бөлінеді.

5. Құрамында ядролық материалдардың болуына қарай радиоактивті қалдықтар құрамында ядролық материалдар бар және құрамында ядролық материалдар жоқ радиоактивті қалдықтар болып бөлінеді.

6. Радиоактивті қалдықтарды сыныптау өлшемшарттары мен тәртібін уәкілетті орган бекітеді. Радиоактивті қалдықтарды сыныптау олармен жұмыс істеу тәртібін анықтау, қайта өңдеу, сақтау және (немесе) көму технологияларын таңдау кезінде пайдаланылады.

13-бап. Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды радиоактивті қалдықтар санатына ауыстыру

1. Ядролық материалдарды және (немесе) радиоактивті заттарды радиоактивті қалдықтар санатына ауыстыруды уәкілетті органмен келісу бойынша олардың меншік иелері жүзеге асырады.

2. Ядролық материалдарды және (немесе) радиоактивті заттарды радиоактивті қалдықтар санатына ауыстыру мынадай шарттардың орындалу жиынтығында жүзеге асырылады:

1) арнаулы ұйымдастыру-техникалық іс-шараларын жүргізбей, ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды алу мақсатында радиоактивті қалдықтарды сақтауға, қайта өңдеуге және кондиционерлеуге берілген радиоактивті қалдықтарды технологиялық процеске кейіннен қайтаруды болдырмау;

2) мақсатына қарай оларды одан әрі пайдалану мүмкін еместігін немесе орынсыздығын растайтын өлшеулер мен есептеулер жүргізу;

3) радиоактивті қалдықтарды есепке алу және бақылау қағидаларына сәйкес радиоактивті қалдықтарды мемлекеттік есепке қою өлшемшарттарын орындау.

3. Ядролық материалдарды және (немесе) радиоактивті заттарды радиоактивті қалдықтар санатына ауыстыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

14-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін санаттарға бөлу

1. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін санаттарға бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сыныптамаға сәйкес айқындалатын радиоактивті қалдықтардың сипаттамаларын ескере отырып, барынша ықтимал радиациялық авария кезінде олардың халық, персонал және қоршаған орта үшін ықтимал радиациялық қауіптілік деңгейі бойынша жүзеге асырылады.

2. Ықтимал радиациялық қауіптілік деңгейі бойынша радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілері:

1) 1-санаттағы объектілер – авария болған жағдайда санитариялық-қорғау аймағынан тыс жерде халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсері болуы мүмкін;

2) 2-санаттағы объектілер – авария болған жағдайда радиациялық әсері санитариялық-қорғау аймағының аумағымен шектелетін;

3) 3-санаттағы объектілер – авария болған жағдайда радиациялық әсері объектінің орналасқан алаңымен шектелетін;

4) 4-санаттағы объектілер – авария болған жағдайда радиациялық әсері радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі жұмыстар жүзеге асырылатын үй-жайлармен немесе жұмыс аймағымен шектелетін, әсері олардың шегінен тыс шықпайтын объектілер болып бөлінеді.

3. Жұмыс істеп тұрған объектілер үшін санаттарды объектінің меншік иесі белгілейді және уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен келісіледі.

4. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істейтін жаңа объектілер үшін санат Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына және барынша жоғары радиациялық авариялар сценарийін қамтитын жобалау құжаттамасын талдау негізінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жобалау кезеңінде белгіленеді.

3-тарау. РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

15-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті қызмет түріне арналған лицензиясы болуға міндетті.

2. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдаланатын не радиоактивті қалдықтармен операцияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар:

1) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінде ядролық, радиациялық, ядролық физикалық, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

2) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін құрудың, пайдаланудың және пайдаланудан шығарудың (жабудың) барлық кезеңдерінде сапаны қамтамасыз ету бағдарламаларын әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;

3) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінің қауіпсіздігіне бағалау жүргізуге;

4) авариялардың алдын алу және олардың персонал, халық және қоршаған орта үшін салдарын азайту жөніндегі шараларды әзірлеуге және іске асыруға;

5) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінде авариялады оқшаулау және олардың салдарын жою жөніндегі шараларды әзірлеуге және іске асыруға;

6) Қазақстан Республикасының радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес радиоактивті қалдықтарды есепке алуды және бақылауды жүзеге асыруға;

7) персоналды оқытуды, қолдауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге;

8) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдаланудан шығару (жабу) және авариялардың салдарын жою үшін қажетті қаржы қаражатының қалыптастырылуын және болуын қамтамасыз етуге міндетті.

16-бап. Радиоактивті қалдықтарды түзушілер

1. Радиоактивті қалдықтарды түзушілер:

1) құрамында радионуклидтер бар материалдарды, заттарды, жабдықтар мен бұйымдарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін бағалауды жүзеге асыруға және оларды одан әрі пайдалану мүмкін болмаған жағдайда мұндай материалдарды радиоактивті қалдықтарға жатқызу өлшемшарттарына сәйкес радиоактивті қалдықтарға жатқызуға;

2) радиоактивті қалдықтарды көму үшін ұлттық операторға бергенге дейін олармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етуге;

3) уәкілетті орган бекітетін қолайлылық өлшемшарттарына сәйкес радиоактивті қалдықтарды көму үшін қолайлы күйге келтіруді қамтамасыз етуге;

4) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі, сондай-ақ оларды көму үшін ұлттық операторға беру жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруға;

5) радиоактивті қалдықтарды сәйкестендіру, есепке алу және қолайлылық өлшемшарттарына сәйкестігін растау үшін қажетті толық ақпаратты бере отырып, оларды ұлттық операторға беруге міндетті.

2. Радиоактивті қалдықтарды түзушілер оларды ұлттық операторға бергенге дейін радиоактивті қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етуге жауапты болады.

3. Қызметін тоқтатқан кезде радиоактивті қалдықтарды түзушілер:

1) қызметін тоқтату ниеті туралы уәкілетті органды хабардар етуге;

2) барлық қолда бар радиоактивті қалдықтарды Қазақстан Республикасының радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтау және (немесе) көму пункттеріне беруге;

3) жабдықтарды, ғимараттарды, құрылысжайлар мен коммуникацияларды дезактивациялау, аумақты рекультивациялау және қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге міндетті.

17-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі ұлттық оператор

1. Ұлттық оператордың:

1) «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, көму пункттерінің өмірлік циклінің барлық кезеңдеріне байланысты қызметті жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасының аумағында көму жөніндегі жұмыстарды орындауға;

2) мемлекеттік меншіктегі не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікке беруге жататын ядролық мұра объектілерін жою және (немесе) консервациялау жөніндегі жұмыстарды орындауға;

3) уранды өндіру мен қайта өңдеу салдарын жою, сондай-ақ «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда осындай қызметтің нәтижесінде радиоактивті материалдармен ластанған объектілер мен құрылысжайларды консервациялау жөніндегі жұмыстарды орындауға айрықша құқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жұмыстарды орындау кезінде жобалау құжаттамасына сәйкес қоршаған ортаны қалпына келтіруге, радиациялық тәуекелдерді азайтуға және халық пен аумақтардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған рекультивациялық іс-шаралар жүргізіледі.

3. Ұлттық оператор мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) сақтауға және (немесе) көмуге қабылданған радиоактивті қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді;

2) өзіне сақтауға және (немесе) көмуге берілетін радиоактивті қалдықтардың мәлімделген деректерге және қолайлылық өлшемшарттарына сәйкестігін айқындайды;

3) өзінің қарамағындағы радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етеді;

4) өзінің қарамағындағы көму пункттерін пайдалануды, оларға техникалық қызмет көрсетуді, оларды реконструкциялауды, жабуды және пайдаланудан кейінгі мониторингтеуді жүзеге асырады;

5) өз қызметі шегінде радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу сапасын қамтамасыз ету бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады;

6) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті органға радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар енгізеді;

7) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыру және пайдалану қауіпсіздігіне байланысты ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен радиоактивті қалдықтарды өтеулі негізде сақтауға және (немесе) көмуге қабылдайды;

9) көму пункттері орналасқан аумақты радиациялық бақылауды және мониторингтеуді қамтамасыз етеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің қарамағындағы көму пункттері орналасқан аумақтардағы радиациялық ахуал туралы мемлекеттік органдар мен халықтың хабардар болуын қамтамасыз етеді;

11) қоршаған ортаны қалпына келтіруге және халық пен аумақтардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған рекультивациялық іс-шаралар жүргізуді қоса алғанда, ядролық мұра объектілері қызметінің салдарын жою жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

4. Ұлттық оператордың:

1) радиоактивті қалдықтарды түзушілерден және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы жұмыстарды орындайтын ұйымдардан өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті және жеткілікті көлемде ақпарат сұратуға және алуға;

2) уәкілетті органға радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

3) өз құзыреті шегінде радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге шарттар жасасуға;

4) радиоактивті қалдықтардың қолайлылық өлшемшарттарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда оларды көмуге қабылдаудан бас тартуға;

5) атом энергиясын пайдалану саласында тиісті лицензиялары бар мамандандырылған ұйымдарды жекелеген жұмыстарды орындауға тартуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Заңда белгіленген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін қажетті өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

18-бап. Ұлттық операторға радиоактивті қалдықтарды көму үшін беру тәртібі

1. Радиоактивті қалдықтарды ұлттық операторға беру уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Радиоактивті қалдықтар қолайлылық өлшемшарттарына сәйкестігі расталғаннан кейін және радиоактивті қалдықтарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойылған кезден бастап ұлттық оператордың меншігіне өтеді.

3. Радиоактивті қалдықтарды ұлттық операторға берер алдында радиоактивті қалдықтарды түзуші не ол тартатын атом энергиясын пайдалану саласында тиісті лицензиясы бар мамандандырылған ұйым радиоактивті қалдықтарды кондиционерлеуді жүзеге асырады.

4. Иесіз радиоактивті қалдықтарды беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Иесіз радиоактивті қалдықтарды көмуге орналастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

19-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті қаржыландыру

1. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті қаржыландыруды радиоактивті қалдықтарды түзушілер не олардың құқықтық мирасқорлары өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.

2. Ұлттық оператордың қызметін қаржыландыру:

1) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу бойынша көрсетілетін қызметтер, орындалатын жұмыстар үшін сыйақылар;

2) жер қойнауын пайдаланушылар ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру және (немесе) жер қойнауын пайдалану салдарын жою ретінде бөлетін қаражат;

3) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

3. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті қаржыландыру мынадай жағдайларда:

1) республикалық немесе коммуналдық меншіктегі ұйымдарда түзілетін және (немесе) жинақталған радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу;

2) иесіз пайдаланылып болған жабылған радионуклид көздерімен және (немесе) иесіз жинақталған радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу;

3) республикалық немесе коммуналдық меншіктегі және (немесе) меншік иесі белгіленбеген тарихи радиоактивті қалдықтармен және тарихи радиациялық ластану объектілерімен жұмыс істеу;

4) республикалық немесе коммуналдық меншіктегі радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдаланудан шығару;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

20-бап. Авариялық дайындық және ден қою

1. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына және Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасына сәйкес авариялық дайындық және ден қою жоспарларын әзірлеуге, бекітуге және жаңартылған күйде ұстауға міндетті.

Авариялық дайындық және ден қою жоспарлары радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінің радиациялық қауіптілік санатын ескеруге, оқыс оқиғалар мен авариялар кезіндегі іс-қимыл тәртібін, олардың салдарын жою және персоналға, халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсерді барынша азайту жөніндегі шараларды қамтуға тиіс.

2. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде авариялық дайындық және ден қою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар уәкілетті орган айқындаған тәртіппен авариялық дайындық және ден қою жоспарлары бойынша іс-қимылдарды пысықтауға бағытталған персоналды оқытуды, жаттығулар мен оқу-жаттығу сабақтарын өткізуге міндетті.

4. Авария жағдайында радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар оны оқшаулау жөнінде дереу шаралар қабылдауға, уәкілетті орган мен азаматтық қорғау органдарын хабардар етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де әрекеттерді орындауға міндетті.

21-бап. Радиоактивті қалдықтарды және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін физикалық қорғау

1. Жеке және (немесе) заңды тұлғалар радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеген кезде олардың физикалық қорғалуын қамтамасыз етеді.

2. Радиоактивті қалдықтарды және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін физикалық қорғауды қамтамасыз ету осындай объектілердің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде, сондай-ақ оларды тасымалдауды қоса алғанда, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде жүзеге асырылады.

3. Радиоактивті қалдықтарды және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін физикалық қорғауды қамтамасыз ету мақсатында ұйымдық құрылым құру, ішкі құжаттарды әзірлеу, физикалық қорғаудың инженерлік және техникалық құралдарымен жарақтандыру жүзеге асырылады, сондай-ақ рұқсатсыз әрекеттерден қорғау үшін күзет және ден қою күштерінің болуы қамтамасыз етіледі.

22-бап. Радиоактивті қалдықтарды елге әкелу және елден әкету шарттары

1. Қазақстан Республикасында түзілген және қайта өңдеу үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жіберілген радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу немесе кондиционерлеу нәтижесінде түзілген

радиоактивті қалдықтарды қайтару жағдайларын қоспағанда, радиоактивті қалдықтарды сақтау, қайта өңдеу, кондиционерлеу немесе көму үшін Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салынады.

2. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген болса, Қазақстан Республикасынан шетелге жіберілген, пайдаланылып болған ядролық отынды қайта өңдеу кезінде түзілген радиоактивті қалдықтарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге рұқсат етіледі.

3. Радиоактивті қалдықтарды Қазақстан Республикасынан әкетуге Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі.

4. Радиоактивті қалдықтарды әкелу және әкету тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады.

23-бап. Радиоактивті қалдықтардың трансшекаралық орын ауыстыруы

1. Радиоактивті қалдықтардың трансшекаралық орын ауыстыруы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Радиоактивті қалдықтардың трансшекаралық орын ауыстыруына мынадай шарттар сақталған кезде жол беріледі:

1) алдын ала жазбаша хабарламаның болуы және межелі мемлекеттің келісімін алу;

2) транзит мемлекеттерінің аумағы арқылы орын ауыстыруы кезінде олардың келісімін алу;

3) уәкілетті органмен келісу бойынша орнын ауыстыруды жүзеге асыру;

4) қаптамаларға, көлік құралдарына, маршруттарға және тасымалдау шарттарына қойылатын талаптарды қоса алғанда, радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз тасымалдауға арналған халықаралық шарттардың талаптарын сақтау.

3. Пайдаланылып болған ядролық отынды немесе радиоактивті қалдықтарды сақтау немесе көму үшін оңтүстік ендіктің 60 градусынан оңтүстікке қарай межелі жерге жөнелтуге тыйым салынады.

4. Радиоактивті қалдықтардың трансшекаралық орын ауыстыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

24-бап. Радиоактивті қалдықтарды, сондай-ақ радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін тіркеу

1. Радиоактивті қалдықтарды және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін тіркеу радиоактивті қалдықтар тізіліміне және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінің кадастрына құжатталған ақпаратты енгізуді және жаңартуды қамтиды.

2. Радиоактивті қалдықтарды және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін тіркеу радиоактивті қалдықтарды есепке алудың мемлекеттік жүйесін қалыптастыру, жүргізу және оның жұмыс істеуі мақсатында жүзеге асырылады.

3. Радиоактивті қалдықтар тізіліміне радиоактивті қалдықтардың сипаттамаларын, санын, орналастыру орнын қоса алғанда, олар туралы құжатталған мәліметтер, сондай-ақ бастапқы есепке алу деректері негізінде радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу субъектілері туралы мәліметтер енгізіледі.

4. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінің кадастрына оны жүргізу тәртібіне сәйкес радиоактивті қалдықтарды көму пункттері, сақтау қоймалары, қалдық қоймалары, сақтау пункттері, қайта өңдеу және (немесе) кондиционерлеу қондырғылары туралы құжатталған мәліметтер енгізіледі.

5. Қолайлылық өлшемшарттарына сәйкес келтірілген радиоактивті қалдықтарға радиоактивті қалдықтардың паспорты жасалады.

Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, радиоактивті қалдықтардың әрбір қаптамасына радиоактивті қалдықтардың паспортын оларды кондиционерлеуді жүзеге асырған ұйым жасайды.

Радиоактивті қалдықтар паспортының мазмұнына, нысанына және оны жасау тәртібіне қойылатын талаптарды уәкілетті орган бекітеді.

6. Радиоактивті қалдықтардың тізілімін, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінің кадастрын және радиоактивті қалдықтардың паспортын сақтау Қазақстан Республикасының ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

25-бап. Радиоактивті қалдықтарды жинау, қайта өңдеу, кондиционерлеу

1. Радиоактивті қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және кондиционерлеу оларды тасымалдау, сақтау және (немесе) көму үшін белгіленген қолайлылық өлшемшарттарына сәйкес келетін пішін мен күйге келтіру мақсатында жүзеге асырылады.

Радиоактивті қалдықтар түзілген сәттен бастап олардың бақылаусыз жинақталуын және таралуын болдырмауды қамтамасыз ететін тәртіппен жиналуға жатады.

2. Радиоактивті қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және кондиционерлеу халық пен қоршаған ортаны радиациялық қорғауды қамтамасыз ететін технологиялар мен әдістерді қолдана отырып, олардың сынып талуы мен сипаттамаларын ескере отырып жүзеге асырылады.

3. Радиоактивті қалдықтарды жинау, өңдеу және кондиционерлеу кезінде:

1) радиациялық бақылау;

2) радиоактивті қалдықтарды есепке алу және бақылау;

3) радионуклидтердің қоршаған ортаға таралуын болғызбау;

4) қайталама радиоактивті қалдықтардың түзілуін және олардың көлемін барынша азайту;

5) авариялық жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі шаралар;

6) радиоактивті қалдықтарды физикалық қорғау қамтамасыз етіледі.

4. Радиоактивті қалдықтарды тасымалдауға, сақтауға және (немесе) көмуге арналған қаптамалар уәкілетті орган белгілеген қауіпсіздік және ұзақ мерзімді орнықтылық талаптарына сәйкес келуге тиіс және міндетті паспорттауға жатады.

5. Радиоактивті қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және кондиционерлеу жөніндегі технологиялық операциялар сапаны қамтамасыз ету бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

26-бап. Радиоактивті қалдықтарды сақтау

1. Радиоактивті қалдықтарды сақтау радиоактивтілік деңгейін төмендету үшін оларды технологиялық ұстау, сондай-ақ кейіннен қайта өңдеу, кондиционерлеу, тасымалдау немесе көму үшін жинақтау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Сақтау радиоактивті қалдықтардың сипаттамаларына және жобалық шешімдерге байланысты уақытша немесе ұзақ түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Сақтау мерзімі мен шарттары олардың сыныпталуын ескере отырып, жобалау құжаттамасында айқындалады және бүкіл сақтау кезеңі ішінде персоналдың, халықтың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс. Көрсетілген мерзімді ұзартуға уәкілетті органмен келісілген қауіпсіздік негіздемесі болған және жобалау құжаттамасына және (немесе) лицензияның қолданылу шарттарына тиісті өзгерістер енгізілген кезде ғана жол беріледі.

4. Қоймаларда, сақтау пункттерінде және қалдық қоймаларында ғана сақтауға жол беріледі.

5. Қауіпсіз сақталуын және кейіннен олармен жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін пішін мен күйге келтірілген радиоактивті қалдықтар сақтауға жатады.

6. Сақтау кезінде мыналар:

1) тұрақты радиациялық мониторинг;

2) қауіпсіздік жүйелерінің жай-күйін бақылау;

3) радиоактивті қалдықтарды есепке алу және бақылау;

4) авариялық жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі шаралар;

5) радиоактивті қалдықтарды физикалық қорғау;

6) өздігінен болатын ядролық тізбекті реакциялар мүмкіндігін болдырмау және шамадан тыс жылу бөлуді болғызбау;

7) биологиялық, химиялық және өзге де тәуекелдерді есепке алу және бағалау қамтамасыз етілді.

7. Сақтау радиоактивті қалдықтарды кейіннен алудың, қайта өңдеудің, тасымалдаудың немесе көмудің техникалық мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

8. Сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар жауапты болады.

9. Сақтау радиоактивті қалдықтарды көмуді алмастыру ретінде пайдаланылмауға тиіс.

27-бап. Радиоактивті қалдықтарды тасымалдау

1. Радиоактивті қалдықтарды тасымалдауды атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган берген тиісті лицензиялары бар жеке немесе заңды тұлғалар жүзеге асыра алады.

2. Радиоактивті қалдықтарды тасымалдау қаптамаларға (көлік контейнерлеріне), таңбалауға, көлік құралдарына, маршруттарға, физикалық қорғауды және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды қоса алғанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

3. Радиоактивті қалдықтарды әуе, теміржол, су немесе автомобиль көлігімен тасымалдау шарттары мен режимін Қазақстан Республикасының тиісті қызметтері келіседі.

4. Жүк жөнелтуші, тасымалдаушы және жүк алушы радиоактивті қалдықтарды тасымалдау кезінде ядролық, радиациялық қауіпсіздікті және физикалық қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ оқыс оқиғалар мен апараяларды болғызбау, оқшаулау және олардың салдарын барынша азайту жөніндегі шараларды орындауға міндетті.

5. Радиоактивті қалдықтарды тасымалдау кезінде жол-көлік оқиғасы салдарынан радиациялық авария туындаған жағдайда, егер тасымалдау туралы келісімде өзгеше көзделмесе, оны жою үшін жауапкершілік, сондай-ақ персоналды, халықты, қоршаған табиғи ортаны және материалдық құндылықтарды қорғау жүк жөнелтушіге жүктеледі.

28-бап. Радиоактивті қалдықтарды көму

1. Көму радиоактивті қалдықтарды кейіннен алу ниетінсіз олардың халыққа және қоршаған ортаға әсерін болдырмайтын ұзақ мерзімді оқшаулауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады

2. Көму пункттерінде ғана көмуге жол беріледі.

3. Көму пункттері радиоактивті қалдықтардың ықтимал қауіптілігінің бүкіл кезеңіне оларды оқшаулауды қамтамасыз ететін қауіпсіздік тосқауылдарының жүйесі негізінде радиоактивті қалдықтарды оқшаулауды қамтамасыз етуге тиіс.

4. Белгіленген қолайлылық өлшемшарттарына сәйкес келетін пішін мен күйге келтірілген радиоактивті қалдықтар көмуге жатады.

5. Көму кезінде мыналар:

1) радиациялық мониторинг;

2) қауіпсіздік тосқауылдарының жай-күйін бақылау;

3) радиоактивті қалдықтарды есепке алу және бақылау;

4) авариялық жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі шаралар;

5) көму пункттерін физикалық қорғау;

6) өздігінен болатын ядролық тізбекті реакциялар және шамадан тыс жылу бөлу мүмкіндігін болдырмау;

7) көмілген радиоактивті қалдықтардың орны, конструкциясы мен құрамы туралы құжаттаманы жүргізу және сақтау қамтамасыз етіледі.

6. Көму пункті жабылғаннан кейін оның жай-күйін жобалау құжаттамасында және лицензияның қолданылу шарттарында белгіленген көлемде ұзақ мерзімді бақылау және мониторингтеу жөніндегі шаралар қамтамасыз етіледі.

7. Көму радиоактивті қалдықтардың түзілуін және олардың көмуге жататын көлемін барынша азайту қажеттігі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

29-бап. Тарихи радиоактивті қалдықтармен және ядролық мұра объектілерімен жұмыс істеу

1. Ядролық мұра объектілерінің, сондай-ақ шекараларында ядролық мұра объектілері анықталған жер учаскелерінің және өзге де объектілердің меншік иелері мен өзге де заңды иегерлері өз құқықтары мен міндеттері шегінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мұндай объектілерге рұқсатсыз кіруге жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға, қажетті ақпарат беруге және осындай объектілерді зерттеп-қарауды, жай-күйін бағалауды, есепке алуды, оңалтуды, жоюды және (немесе) консервациялауды жүргізу үшін қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Ядролық мұра объектілерін анықтау, есепке алу, бағалау және жою Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Тарихи радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, сондай-ақ ядролық мұра объектілерін анықтау, зерттеп-қарау, олардың жай-күйін бағалау, есепке алу, оңалту, жою және (немесе) консервациялау қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

30-бап. Уранды өндіру және қайта өңдеу кезінде түзілетін радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу

1. Уран саласындағы ұлттық компания жерасты ұңғымалық сілтісіздендіру тәсілімен уранды өндіру және қайта өңдеу кезінде және осындай қызметтің салдарын жою кезінде түзілетін радиоактивті ластанған топырақ түріндегі активтілігі төмен радиоактивті қалдықтарды жер бетіне жақын көму пункттерінде көмуді жүзеге асыруға, сондай-ақ осындай пункттердің өмірлік циклінің кезеңдеріне байланысты қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген жұмыстарды акцияларының немесе қатысу үлестерінің тоқсан және одан да көп пайызы уран саласындағы ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлға осындай заңды тұлғада атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган берген тиісті лицензиясы болған кезде орындай алады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген жер бетіне жақын көму пункттерінің қауіпсіздігі үшін олар жабылғаннан кейінгі кезеңді қоса алғанда, олардың өмірлік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау кезінде уран саласындағы ұлттық компания не осы баптың 2-тармағында көрсетілген заңды тұлға жауапты болады.

5-тарау. РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛІ

31-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыру ауданы және оларды салу туралы шешімдер

1. Көму пункттерін орналастыру ауданы туралы шешімді, көму пункттерін салу туралы шешімді аумағында көму пункттерін салу жоспарланып отырған жергілікті өкілді органдар келіскен кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды:

1) радиоактивті қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етудің қажеттілігін;

2) Қазақстан Республикасының радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарына жауап беретін көму пункттерін орналастыру үшін қажетті жағдайлардың бар-жоғын;

3) азаматтық және әскери объектілерге жақын орналасқан тараптан көму пункттері үшін қауіпсіздікке қатердің жоқтығын;

4) Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленген талаптарды;

5) өңірдің өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы және әлеуметтік дамуы үшін көрсетілген пункттерді орналастырудың ықтимал әлеуметтік және экономикалық салдарын ескере отырып қабылдайды.

2. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органмен және жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттерін, қалдық қоймаларын және қайта өңдеу қондырғыларын орналастыру және (немесе) салу туралы шешім қабылдайды.

3. Ұйымдардың (кәсіпорындардың) өнеркәсіптік алаңдары шегінде атом энергиясын пайдалану объектілерінің құрамына кіретін радиоактивті қалдықтар қоймаларын орналастыру туралы шешімдер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қабылданады.

4. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыру және салу туралы шешімдер Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес қабылданады.

32-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыру

1. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыру орнын таңдау осы Заңға сәйкес айқындалған, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыру ауданы шегінде жүзеге асырылады.

2. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыру Қазақстан Республикасының жер заңнамасына, Қазақстан Республикасының экология заңнамасына және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін:

1) тұрғын үй құрылысы аумақтары шегінде;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;

3) сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтарында;

4) қауіпті геологиялық және гидрогеологиялық процестер аймақтарында және орналастыру қауіпсіздігін қамтамасыз етпейтін өзге де аумақтарда;

5) сынақ полигондарында және қару-жарақ, әскери техникаға және өзге де зақымдау құралдарына сынақтар жүргізу орындарында орналастыруға жол берілмейді.

4. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыру кезінде мыналар:

1) сыртқы табиғи құбылыстар мен процестердің радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісіне әсері;

2) сыртқы техногендік процестердің радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісіне әсері;

3) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінің халыққа және қоршаған ортаға әсері ескеріледі.

5. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыру үшін жер учаскесін таңдау кезінде геологиялық ортаның сипаттамалары, оның ішінде:

1) гидрогеологиялық жағдайлар;

2) жерасты суларының жинақталу тереңдігі;

3) тұқымдардың сорбциялық қасиеттері;

4) радионуклидтердің таралуына ықпал ететін белсенді тектоникалық бұзылулардың және өзге де факторлардың болмауы ескеріледі.

6. Уәкілетті орган радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісін орналастырудың таңдалған орнының ядролық және радиациялық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асырады, объектіні орналастыру қауіпсіздігі негіздемесінің материалдарына сараптама жүргізеді және қорытынды береді. Уәкілетті органның оң қорытындысы болмаған кезде радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыруға жол берілмейді.

7. Көму пунктін орналастыру орнын таңдауды негіздеу үшін оның қауіпсіздігіне салыстырмалы талдау жүргізе отырып, көму пункттерін орналастыру орындарының баламалы нұсқалары міндетті түрде қаралуға жатады.

8. Көму пунктін орналастыру орны туралы шешім қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен инженерлік іздестірулер, қоршаған ортаға әсерді бағалау және өзге де зерттеулер жүргізу үшін жерді резервке қоюға жол беріледі.

9. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін орналастыру орнын таңдау нәтижелері объектіні орналастыру қауіпсіздігінің негіздемесі туралы есеп түрінде ресімделеді және уәкілетті органмен келісуге жатады.

33-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін жобалау және салу

1. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін жобалау және салу Қазақстан Республикасының экология заңнамасының, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану, денсаулық сақтау саласындағы, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасының және осы Заңның талаптарына сәйкес, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу үшін олармен жұмыс істеу объектісі салынатын радиоактивті қалдықтардың сипаттамалары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2. Жобалау құжаттамасында мыналар қамтылуға тиіс:

1) қауіпсіздік негіздемелерін растайтын шешімдер;

2) радиоактивті қалдықтардың түзілу көздері және радиациялық әсердің өзге де көздері туралы мәліметтер, олардың сандық және сапалық сипаттамалары;

3) объектінің ұйымдық құрылымын және өндірістік радиациялық бақылау жүйесін сипаттау;

4) халықтың сыни топтарына әсерін бағалауды қоса алғанда, халыққа дозалық жүктемелердің есеп-қисабы.

3. Жобалау құжаттамасында мыналар айқындалады:

1) сақтау және (немесе) көму тәсілдері мен мерзімдері;

2) объект қабылдайтын радиоактивті қалдықтардың рұқсат етілген көлемі мен сипаттамалары;

3) қауіпсіздік тосқауылдарына қойылатын талаптар.

4. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін жобалау оларды кейіннен пайдаланудан шығару ескеріле отырып, ал көму пункттері үшін оларды кейіннен жабу, пайдаланудан кейінгі мониторингтеу және бақылау ескеріле отырып жүзеге асырылады.

5. Қалдық қоймаларының, сақтау пункттерінің және көму пункттерінің жобалау құжаттамасында бүлінген жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар көзделуге тиіс.

6. Жобалау құжаттамасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамаларға жатады.

7. Радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу қондырғыларын жобалау ядролық, радиациялық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, радиоактивті қалдықтардың түзілуін барынша азайтуды және радиоактивті заттардың бақылаусыз таралуын болғызбауды ескере отырып жүзеге асырылады.

8. Жобалық шешімдер радиоактивті қалдықтарды оқшаулауды және олардың халық пен қоршаған ортаға әсерін болғызбауды қамтамасыз ететін қауіпсіздік тосқауылдары жүйесін көздеуге тиіс.

9. Жобалық шешімдер радионуклидтердің радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінен тыс таралуын болғызбауды қамтамасыз етуге тиіс.

10. Объектінің қауіпсіздігіне әсер етуге қабілетті факторлар анықталған жағдайда оларды өтеуге және тәуекелдерді азайтуға бағытталған инженерлік және техникалық шаралар көзделуге тиіс.

11. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін салу құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын орындауды, жобалық шешімдерді іске асыруды, инженерлік қауіпсіздік тосқауылдары мен қауіпсіздік жүйелерінің жобалау құжаттамасына сәйкестігін тексеруді қамтиды.

12. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінің айналасында шекаралары Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау

саласындағы заңнамасына сәйкес айқындалатын санитариялық-қорғау аймағы белгіленеді.

13. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін салуды тиісті лицензиялары бар ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

14. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін салу кезінде мыналар:

1) бекітілген жобалау құжаттамасына сәйкес жұмыстардың орындалуы;

2) сапаны қамтамасыз ету бағдарламаларының сақталуы;

3) атқарушылық құжаттаманы жүргізу және жобалық шешімдердің барлық өзгерістерін тіркеп-белгілеу;

4) инженерлік қауіпсіздік тосқауылдарының, материалдар мен конструктивтік элементтердің сапасын бақылау қамтамасыз етіледі.

15. Уәкілетті орган радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін салу кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады.

16. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін салу салынған радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінің жобалау құжаттамасына және нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыны ресімдей отырып, қабылдап алу іс-шараларын жүргізумен аяқталады.

17. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінің қауіпсіздігіне әсер ететін жобалау шешімдеріндегі өзгерістер уәкілетті органмен міндетті түрде келісілуге жатады.

18. Көму пунктінің жобалау құжаттамасында қауіпсіздікті бағалау, мониторингтеу нәтижелерін және Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының өзгерістерін ескере отырып, пайдалану барысында нақтылауға жататын оны жабу, пайдаланудан кейінгі мониторингтеу және бақылау жөніндегі алдын ала шешімдер болуға тиіс.

34-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдалануға беру және пайдалану

1. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдалануға беру және пайдалану тиісті лицензия және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттар болған кезде жүзеге асырылады.

2. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісін пайдалануға беру алдында мыналарды:

1) қауіпсіздік жүйелеріне, инженерлік қауіпсіздік тосқауылдарына және технологиялық жабдықтарға сынақтар;

2) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісіне бақылау мақсатындағы сынамалау;

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген көлемде радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінің қауіпсіз пайдалануға дайындығын растау жөніндегі іс-шараларды жүргізу қамтамасыз етіледі.

3. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісін мыналар:

1) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінің пайдалануға дайындығы туралы уәкілетті органның оң қорытындысы;

2) бекітілген пайдалану регламенттері, сапаны қамтамасыз ету бағдарламалары және радиациялық, ядролық, техникалық және экологиялық қауіпсіздік жөніндегі құжаттар;

3) атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен жұмысқа жіберілген, даярланған және аттестатталған персонал;

4) инспекциялар мен қабылдау сынақтарының нәтижелері бойынша анықталған, жойылған ескертулер болған кезде пайдалануға беруге жол беріледі.

4. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдалану бекітілген пайдалану регламенттеріне, сапаны қамтамасыз ету бағдарламаларына және радиациялық, ядролық, техникалық және экологиялық қауіпсіздік жөніндегі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдалану кезінде мыналар:

1) радиациялық бақылау;

2) инженерлік қауіпсіздік тосқауылдарының жай-күйін бақылау;

3) радиоактивті заттардың ағып кетуін және шығарылуын болғызбау;

4) объектінің жай-күйін есепке алу және мониторингтеу;

5) қауіпсіздікті мерзімді бағалауды жүргізу қамтамасыз етіледі.

6. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдалану кезеңінде радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, нормативтік құқықтық актілердің және жобалау құжаттамасының талаптарына сәйкестігін растау мақсатында қауіпсіздікті мерзімді бағалау және экологиялық бағалау жүргізіледі.

7. Ұзақ пайдалану мерзіміне есептелген радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері, қалдық қоймалары және көму пункттері үшін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген көлемде және кезеңділікпен ұзақ мерзімді қауіпсіздікті бағалау орындалады.

8. Қауіпсіздікті мерзімді бағалау және экологиялық бағалау нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктерді жоюға және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісін одан әрі қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар әзірленеді және іске асырылады.

9. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісін пайдалану кезінде радиациялық немесе өзге де авария туындаған жағдайда радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар оның салдарын оқшаулау және жою жөнінде дереу шаралар

қабылдайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдарды хабардар етеді.

10. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар қабылдау сынақтарының материалдарын, қауіпсіздік жүйелерінің дайындығы туралы есептерді және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен объектіні пайдалануға рұқсат беру туралы құжаттарды қоса алғанда, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісін пайдалануға беруді құжаттамалық ресімдеуді қамтамасыз етеді.

11. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдалану жобалау құжаттамасында және лицензия шарттарында белгіленген параметрлер мен шектеулер шегінде жүзеге асырылады.

35-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдаланудан шығару және радиоактивті қалдықтарды көму пункттерін жабу

1. Көму пункттерін қоспағанда, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісін пайдаланудан шығару туралы шешімді уәкілетті органды хабардар ете отырып, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар қабылдайды.

2. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдаланудан шығаруды атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган берген тиісті лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

3. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдаланудан шығару кезінде түзілген радиоактивті қалдықтардың халыққа және қоршаған ортаға әсерін болдырмау бойынша жұмыстар жүргізіледі.

4. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін пайдаланудан шығару Қазақстан Республикасының радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленген және уәкілетті органмен келісілген пайдаланудан шығару жоспары негізінде жүзеге асырылады.

5. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісін пайдаланудан шығару аяқталған соң пайдаланудан шығаруды жүзеге асырған адам пайдаланудан шығару жөніндегі жұмыстардың аяқталғаны туралы актіні ресімдейді.

Көрсетілген құжатта орындалған жұмыстар, түзілген радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, радиациялық бақылау нәтижелері, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісінің және оны орналастыру алаңының қол жеткізілген түпкілікті жай-күйі туралы мәліметтер, сондай-ақ осындай жай-күйдің радиациялық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растау қамтылуға тиіс.

Жұмыстардың аяқталғаны туралы акт радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісін пайдаланудан шығарудың аяқталғаны туралы қорытынды алу үшін уәкілетті органға жіберіледі.

6. Көму пунктін жабу туралы шешімді халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісілген уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

7. Көму пунктін жабудың алдын ала жоспары объектіні жобалау сатысында әзірленеді және мониторинг нәтижелерін, қауіпсіздік талаптарының өзгерістерін, технологиялық шешімдерді және жұмыстардың құнын бағалауды ескере отырып, пайдалану барысында нақтыланады.

8. Көму пунктін жабу жоспары Қазақстан Республикасының радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленеді және уәкілетті органмен келісуге жатады.

9. Көму пункті жабылғаннан кейін көму пунктіне жауапты заңды тұлғалар немесе ұлттық оператор оны пайдаланудан кейінгі радиациялық мониторингтеуді жүзеге асырады және жабу жоспарына сәйкес рұқсатсыз кіруді болғызбау жөніндегі шараларды қабылдайды.

10. Пайдаланудан кейінгі мониторингтеу кезеңі аяқталған соң жабылған көму пунктінің ұзақ мерзімді қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік аумағында объект орналасқан жергілікті атқарушы органға өтеді.

11. Көму пунктіне жауапты заңды тұлғалар немесе ұлттық оператор көмілген қалдықтардың құрамы мен көлемі, инженерлік қауіпсіздік тосқауылдары туралы мәліметтерді, жабу туралы есептерді және пайдаланудан кейінгі мониторингтеу материалдарын қоса алғанда, көму пунктін сипаттайтын құжаттаманың сақталуын қамтамасыз етеді.

12. Пайдаланудан шығарылған радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектісін не жабылған көму пунктін сипаттайтын құжаттама, оның ішінде оның түпкілікті жай-күйі және оны орналастыру алаңы, радиоактивті қалдықтардың құрамы мен көлемі, қауіпсіздік тосқауылдары, радиациялық бақылау, жабу және пайдаланудан кейінгі мониторингтеу нәтижелері туралы мәліметтер уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен сақтауға және беруге жатады.

6-тарау. РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

36-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары

Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы жеке және заңды тұлғалардың:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес радиоактивті қалдықтар сақталатын не көмілген немесе олармен жұмыс істеу жүзеге асырылатын аудандағы радиациялық жағдай туралы толық және анық ақпарат, оның ішінде радиациялық авариялар туралы ақпарат алуға;

2) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) және шешімдерінің заңдылығына дау айту үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасы талаптарының сақталмауы салдарынан бұзылған мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қорғау үшін сотқа жүгінуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

37-бап. Қоғамдық бірлестіктердің және өзге де коммерциялық емес ұйымдардың радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты мәселелерді шешу кезіндегі құқықтары

Қоғамдық бірлестіктер мен өзге де коммерциялық емес ұйымдардың осы Заңның 36-бабында көзделген құқықтардан басқа, мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда көму пункттерін салу туралы шешімдер қабылдау кезінде қоғамдық тыңдауларға, талқылауларға қатысуға;

2) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілеріне байланысты ықтимал радиациялық тәуекелдер туралы жұртшылықты хабардар етуге және оларға консультация беруге де құқығы бар.

7-тарау. РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

38-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырудың мақсаты мен құқықтық негізі

1. Қазақстан Республикасы радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен және ғылыми мекемелермен өзара көмек көрсету және тәжірибе алмасу мақсатында радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормалары радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық негізі болып табылады.

39-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы халықаралық ынтымақтастық мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің тиімді ұлттық жүйесін құру және дамыту кезінде халықаралық тәжірибені пайдалану;

2) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласында бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу, сондай-ақ олардың түзілу көлемін азайтуға және олармен жұмыс істеу қауіпсіздігін арттыруға бағытталған технологияларды әзірлеу;

3) терең геологиялық формацияларда активтілігі жоғары радиоактивті қалдықтарды көму жағдайларын зерделеу үшін радиоэкологиялық мониторингтің халықаралық ғылыми-ақпараттық орталықтарын, жерасты зертханаларын, сондай-ақ көрсетілген саладағы өзге де халықаралық жобаларды құруға және олардың қызметіне қатысу;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес радиоактивті заттардың ықтимал трансшекаралық тасымалдануы жағдайларын қоса алғанда, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі оқыс оқиғалар туралы ақпарат алмасу;

5) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі оқыс оқиғалар салдарынан туындаған радиоактивті ластанудың салдарын болғызбау, оқшаулау немесе барынша азайту үшін халықаралық көмек көрсету және алу.

8-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

40-бап. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

41-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс

күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ



Дұрыс. Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Мат Н. Шапынтады.